

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАЙЛАР

Еришева Т.А.

Қазақ қоғамында мал-мүлікке қарай бай, кедей болып бөліну орын алған. Бай десе көз алдымызға беті жалпақ, қарны жуан, жүзі сұсты, қаһары күшті адамның бейнесі елестейді. Әдетте ол әділдікті белден басып, кедей-кепшікке көп зәбір көрсетеді. Маңайына мейірімі жоқ, адами асыл қасиеттерден ада. Тек қара бастың қамын күйттеп, байығанның үстіне баи түсуді мұрат етеді. Бұл – кесірлі Кеңестік Үкіметтің байларға деген көзқарасы. Және ол жылдар бойы біздің санамызға сіңіп, бойымызға бекіп қалды [1].

Бай – осы сөздің тура мағынасындағы түркі сөзі. Бұл сөз көне түркі жазбаларында да, кейінгі ортағасырлық мұсылман деректерінде де кездеседі. «Бай» сөзі адамның әлеуметтік жағдайының көрсеткіші болып, адам атының құрамында қолданылатын ең көне жазу В.В. Бартольдтің айтуынша, XIII ғасырдағы мұсылман жазбасы, Жувейнидің мәжуси қарақытай горханының уәзірі мұсылман Махмуд бай туралы әңгімесі екен.

Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, байынлыр және байат этнонимдерінің түбірі бай, байан сөзі көрінеді. Ортағасырлық автор Ибн Рузбиханның айтуынша, бай деп ол кезде де қолда барымен беделді, малы да, мүлкі де көп, жылжымалы «арбаға орнатылған үйі» бар адамдарды айтқан. Ол кезде байлық деген билікпен егіз туғандай, «дала адамдары», Шыңғыс хан ұрпағы Мұхаммед Шейбани ханның айтуынша, «қысқа мерзім ішінде қой басын өсіру арқылы бай түсуге, мал ұстау арқылы иен далада үлкен дәулет құрау жолында аянып қалмаған».

Қазақтың нағыз байларының ішінде ондаған арбалы-үйі, жүздеп түйе, он мыңдап қой, он бес, он сегіз мың, тіпті жиырма алты мыңға дейін жылқы ұстағандары болған. Мал иелері үшін бұл, бір жағынан, атақ пен даңқ көзі еді.

XIX ғасырда А.И. Левшин: «Бірде мен 8 мың жылқысы бар байдан жыл сайын табынның белгілі бір бөлшегін неге сатып отырмайтынын сұрадым, – деп жазады. – Ол маған: «Мен неге жылқымды сатуым керек? Ақша деген не ол, сандық түбінде жатады, ешкім оны көрмейді. Ал өрістегі жылқыны көргендердің бәрі менің қандай бай екенімді, малымның көп екенін көзімен көреді, сөйтіп олар ме-

нің бай екенімді айта жүретін болады», – деп жауап берді».

Көшпелі қазақ қоғамында байлар саны әжептәуір мол топ болған. Бірақ бұл жерде байлықтың текке жатпайтынын айрықша айтуға тиіспіз, ірі байлар сұлтандар, билер арасында да, қатардағы қарасүйектер ішінде де болған.

Байлық пен дәулет, әрине, адамның беделін арттырып, өрісін кеңейтетін. Бірақ айрықша артықшылық құқық бере қоймайтын. Қоғам ішіндегі жеке байлардың беделі олардың шыққан тегімен өлшенетін. Мәселен, қайсыбір сұлтан кедей болса да, қоғамның осы тобына заңмен берілген құқықтар мен артықшылықтардың бәрін пайдаланады.

Сөйтіп, бай атанудың экономикалық және саяси мәні болды. Байдың экономикалық дәрежесі байлығының мөлшерімен өлшенсе, оның «бақуатты өмірінің» негізі болып отырған сол байлық қоғам ішіндегі саяси мәртебесін де көтере түсетін [2, 138].

Бай – дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік топ. Жалпы халықтық ұғымда бай – есепсіз төрт түлік жиған мал иесі немесе ата-бабадан қалған байлықтың мұрагері. Байдың қазақ қоғамындағы орны сол жеке тұлғаның көшпелі мал шаруашылығының көлеміне, оны жүргізу шеберлігіне қарай айқындалды. Дала тұрғындарының күнкөріс тіршілігі өндірістің ерекше тәсілін табуды қажет етіп қана қоймай, сонымен бірге күрделі технологиялық механизмді, яғни әр отбасы жеке-жеке емес, қауымдасып өмір сүру процесін туғызды. Осы құрылым бойынша, ұжымдық еңбек принципі ыңғайымен, бірнеше ірілі-ұсақты шаруашылықтар (оның ішінде бай да бар) үлкен бір қауымға бірікті. Қауымдастықта шаруашылықты басқару мен көші-қонды ұйымдастыру, жайылым орындарын реттеп отыру бұл мәселенің қыр-сырын өзгелерден жетік білетін, оның үстіне дәулеті артық байға тиді. Қауым екі жақты құрылым (жерге қауымдық меншік, малға жеке иелік; ұжымдық өндіріс және еңбек өніміне жеке меншік) болғандықтан, үнемі мүлдік және әлеуметтік іріктелу процесі жүріп отырды. Қауымдастықтағылардың кейбіреулері кедейлене түссе, енді біреулері мал басын арттырды. Ондайлар ұжымдық шаруашылыққа бас-

шылық жасай отырып, өндірістің бар тетігін өз қолына шоғырландырды. Өзіне жеткілікті қор құрап алған бай ендігі жерде қауымдық еңбек бірлестігінен шығып, өз алдына жеке шаруашылығын жүргізуге көшті. Осылайша, дәстүрлі қазақ қоғамындағы байлардың ірі шаруашылықтары пайда болды. Әлеуметтік реттелу процесінің даму барысында байлар тобы қазақ даласының экономикалық, саяси, мәдени және интеллектуалдық элитасын қалыптастырды. Дәстүрлі құрылымды ұйымдастыру мен басқару барысында байлардың рөлі артумен болды [3, 48].

Әлеуметтік тіршіліктің көзі қашанда шаруашылық, ал енді осыншама малды бағыпқағу, төлін алу, тері-жүнін тұрмысқа жарату бір адамның, яғни мал иесінің ғана қолынан келмесі белгілі. Сол себепті қазақтың дәстүрлі қоғамында қалыптасқан әлеуметтік ұяның басты мақсаты қоғамдық тіршілік пен шаруашылық мүддесін бір-біріне ұштастыру. Әрине, осыншама малды ешқандай қазақ қол астындағы құлға, немесе уақытша қолдағы тұтқынға сеніп тапсырмасы анық. Алдымен мал үшін жауап беретін жақын ағайын-туыс, одан кейін бір ата баласы, одан қалды тұтас ру.

Георги «қазақ байлары нашарларына мал бөліп береді, ал олар оның қарымтасына ырза болып өзінің қамқорының малына көз қырын салып жүреді. Егер кімде-кімнің табыны көбейіп кетсе, бұл алланың ырзығы деп кедей адамдарға мал бөледі. Егер жаңағы мал иесінің болашақта ырзығы таймай жүрсе мал алғандар еш міндет өтемейді, ал егер жұттан малы қырылса, не ұрлап әкетсе, шауып алса, не басқа бір қырсықтан малынан айырылса, бұрын ол ырза қылған адамдар өзінде аз қалса да өсімімен қайтаруға тырысады. Сондықтан бай адамдар өзінің жасаған жәрдемі арқылы өз малын мәңгілік қылып жібереді» [4, 131] деп жазды. Дегенмен қазақ қоғамының тең азаматтық қоғам құруының басты себебі елдің басым көпшілігін құраған орта шаруалардың арқасы болуы керек. Әлеуметтік мәселелерді ушықтырмайтын негізгі кілттипан қоғамның рулық сипаты екенін атап өту керек. Руды ру қылып отыратын негізгі шарт туыстық жүйе. Меншік тұрғысынан келгенде ру ішінде әр түрлі ауқаттағы адамдарды кездестіреміз – бірі бай, бірі кедей, үшіншісі – орта дәулетті шаруа. Бірақ түптеп келгенде олардың бәрі бір атадан тарайтын жақын туыс [5, 253-254].

Байдың малын баққан кедей шаруа аздап болса да ақы алады, олар малшы, жалшы ата-

лады. Қазақ байлары феодал-қанаушы емес, керісінше, кедей шаруалардың қамқоршысы болды.

«... Нашарда қолқабысын аямайды,
Құр масыл боп жүдетпес ана байды...
Біреуден сүт, біреуден күш табылар,
Тату өмір жасайды ойнап-күліп...

Кімде-кім дәулет бітіп тұрса байып,

Ғұрыпша нашарына бермеу айып...» –

деп С. Торайғыров қазақ халқының шаруашылықпен айналысуда өзіндік дәстүрлі механизмі қалыптасқандығын сөзге тиек етеді. Сұлтанмахмұттың пайымдауынша, мал шаруашылығынан түскен табыс ғұрыптық негізде қауым мүшелері арасында бөлініске түсіп отырған, қазақ байлары өз қарамағындағы руластарына қанаушы емес, қамқоршы, ақылшы ретінде тірек болған [6, 123-124].

Байлар аз уақыт ішінде ғана бар малынан айырылып, өзінің қоғамдық әлеуметтік сатыда тұрған жоғарғы орнынан құлдилап төмен түсіп, қарапайым қара халықтың ішіне сіңісіп, билеуші топпен ешқандай байланысы болмай қалған жайттар жиі болып тұрған. Мұндай оқиғалар туралы мұрағат қорларында деректер көп жинақталған. Қазақ даласының табиғи-географиялық орналасуына байланысты қыс айлары өте қатал болып, жұттың болуы жиі қайталанып отырған. Осындай үлкен жұттарда кейбір байлар бар байлығынан айырылып қалып, бұрынғы дәулетін қайта қалпына келтіре алмаған.

Қазақ байлары XIX ғасырдың екінші жартысында қарай әлеуметтік өмірде ерекше орын алған топ болды. Қазақ байлары тек саны көп малдың иесі болып қана қоймай, сондай-ақ көптеген жайылымдық жерлерді де өз қолдарына біріктірген топ болды. Бұл тауар-ақша қатынастарының қазақ ауылына еніп келе жатқанынан туған, капиталистік қатынастармен тығыз байланысты жаңа әлеуметтік категория болатын. Қазақ байлары өзінің әлеуметтік бейнесін өзгертіп, жаңаша бояумен байқала бастады [7, 84-85].

Көшпелі қауымның негізгі әлеуметтік ұяшығының ыдырауы сауданың дамуымен және тауар-ақша қатынастарының енуімен байланысты болды. XIX ғасырдың ортасына қарай байлар сауданың және ақшалай өсімқорлық операциялардың дамуымен тығыз байланысты ерекше қоғамдық топқа айналды. Байлар орыс қалаларымен керуен саудасымен айналысты, қарызға пайыз бойынша ақша берді.

Осылайша, XIX ғасырдың 20–60-жылдары қазақ қоғамында әлеуметтік дифференциация күшейді, жаңа қоғамдық топ – байлар, ауқатты жер иелері пайда бола бастады, қазақтардың бір бөлігі қайыршылық күйге түсті. Жерге жеке меншіктің пайда болуы жерді қауымдық пайдалануды дағдарысқа ұшыратып, Қазақстанға феодалдық тәртіптердің енуіне әкелді [8, 192-193].

Тауар-ақша қатынастарының дамуына орай жергілікті сауда жедел өркендеп, кейбір байлар сауда операцияларының белсенді қатысушыларына айналды.

Қазақ елінде бұрын да саудагерлер болған. Олар әр ауылға барып, қант, шай, ұсақтүйек қажетті бұйымдар апарып сауда жасаған. Сөйтіп олар көпшіліктің қажетін өтеген. Қазақ саудагерлері бірнеше санатқа бөлінді. Алып-сатарлар орыс көпестерінің тауарларын сатып алып, ел ішінде қымбатқа өткізумен шұғылданды. Алыпсатарлық, даланың шалғай аудандарында тұратын тұрғындардың сауда орталықтарына жиі баратын мүмкіндіктерінің жоқтығынан туындады. Сондай-ақ, мал шаруашылығы шикізатын – тері, жүн, т.б., кейде қолөнер бұйымдарын сатып алу-сатумен шұғылданатын қазақ саудагерлері пайда бола бастады. Қазақстанда сауданың өсімқорлық қарыз түрі етек алды. Нәтижесінде саудагерлер байлыққа кенеліп, халық тоналды. Тауарларды қарызға беру, көпестер үшін өте тиімді болды. Өнеркәсіптік тауарларды «қойға» қарызға бере отырып, көпестер оның бағасын қатты көтерді, керісінше қазақтардың малы мен шикізатының бағасын өте төмен бағалады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап халықаралық жәрмеңкелердің көптеп ашылуына орай, малмен сауда жасап, заманына қарай амал қолданған қазақ арасынан Маман бай (Жетісудан), Мақан Жиенбайұлы, Аппаз және Мырқы Жараспайұлдары (Сыр бойынан), Қуан Әленұлы (Ырғыздан), Ақан серінің әкесі Қорамса, Хасен Ақайұлы, Ахмет имам (Арқадан), т.б. ірі байлар іріктеліп шықты. Бірсыпыра байлар мектеп-медреселер ашып, мәдениеттің дамуына қолдау көрсетіп, қазақ зиялыларының газет-журналдар шығару ісіне қолдау көрсетіп, демеушілік жасаған. Мысалы, Құнанбай бай Меккеге қажылыққа барған сапарында дін ордасында такия (қонақ үй) салдырған. Қапалдық бай Есенқұл Маманұлы жақсы жазылған романға екі жүз сом (сол кезде 30-40 жылқының құны) бәйге жа-

риялаған. Ахмет имам, Маман байлар мектеп-медреселер салдыру ісіне тікелей араласса, Сейітбәттал қажы Маманұлы Қарағашта 6-7 мың сомға мешіт, 11 мың сомға мектеп салдырып, керек-жарағына жыл сайын 1,5 мың сом қаржы беріп отырған. Сондай-ақ, ол қыздар мектебін ашып, оған мұғалім ретінде Уфада оқыған Фәтима ханым Есенгелдинаны алдырған. Ол 30-дай қыз баланы жаңа үлгімен, сол кездердегі оқу бағдарламасы негізінде оқытқан.

XX ғасырдың 30-жылдарындағы сталиндік аграрлық төңкеріс дәстүрлі құрылымды күйретті. Байларды жаппай қудалап, маңыраған малды жұтқа ұшыратты. Соның салдарынан, біртұтас құрылымның іргесі ыдырап, қазақтың далалық шаруашылығы қатты күйзеліске түсті [3, 48].

Қорыта айтсақ, бабаларымыз ежелден-ақ рухани байлықты, еркіндік пен ерлікті материалдық байлықтан жоғары қойған. Сондықтан малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы дегенді өміріне өзек еткен олар сараңдықты серік қылмаған. Керісінше жомарттық жасап, барша жұрт игілігіне жарайтын іс тындырса ғана бай атанып, елге танылған. Байлықтарын қара бастың қамына жұмсамай, ұлтқа пайдасын келтірер ұлағатты істерге шашқан. Осылай, жұртқа жақсылық жасап, қалың қазаққа қыруар пайдасын тигізген. Бүгінгі байлардан байқала бермейтін ұлтшылдық қасиеттерімен де қадірлі болған. Кеңес империясы кезінде байларды қара халыққа қарсы қойып, оларды құрту саясаты жан-жақты насихаттады. Осының нәтижесінде әр ауылдың құты болған байлар Кеңестің қолдан жасаған жұтынан әлеуметтік топ ретінде жойылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Хамит Б. Дархан даланың дәулеттілері. //АгроЖаршы. 28.10.2011 ж. № 42 (170). <http://agrozharshy.kz>

2 Сұлтанов Т. Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы. Қазақ хандығының тарихы. – А.: «Мектеп», 2008. – 160 б.

3 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 2 т. Ә-Г. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. – 720 б.

4 Ислам. Энциклопедиялық сөздік.– Москва, 1991. – 280 б.

5 Артықбаев Ж.О. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы. Тарих

ғылымы докторының дисс. – Алматы, 1997. – 474 б.

6 Қосыбаев А.С. Торайғыров дәстүрлі қазақ қоғамы туралы // Изденіс. Гуманит. ғыл. сериясы. – 2009. – № 3. – 122-127 б.

7 Нұрпейісов Т.Ә. Қазақ ауылының әлеуметтік өмірінің кейбір мәселелері (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы). // Отан тарихы. – 2006. – № 2. – 83-89 б.

8 Кузембайұлы А., Абиль Е. История Казахстана. – СПб: Соларт, 2004. – 420 с.

Резюме

В данной статье рассматривается история одной из социальных групп казахского общества «бай». Освещается роль социальной группы «бай» в казахском обществе.

Conclusion

In this article is reviews the history of one of the social groups of Kazakh society such as «bai». The role of social group of «bai» in kazakh society is shown.

Ә. НҮРПЕЙІСОВ ПЕН Ә. КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ»

Салықова Ә.Д.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан бері жан-жақты қарқынды дами бастауы, өз тарихының зерттелмей жатқан беттерін түсіндіруге, зерделеуге жол ашты.

Қазіргі қазақ тіл білімі өзінің дамуында жаңа бағытты басынан өткеріп отыр. Тілді психолінгвистикалық, когнитивтік тұрғыдан қарастыру арқылы тілші ғалымдар тілдік бірліктердің антропоцентристік сипатын ашуға мүмкіндік алды. Бұл орайда ономаст ғалым Б. Тілеубердиев былай дейді: «Когнитивтік лингвистика жалқы есімдерді зерттеуде жаңа бағыттарға жол ашады, бұл бұған дейінгі этнолінгвистикалық, дәстүрлі, жүйелі-құрылымдық, лингвомәдениеттанымдық, әлеуметтік лингвистикалық парадигмаларды жоққа шығармайды, қайта, керісінше, ономастикалық процестерді жаңа тұрғыдан көрсету мен ұғынуға ұмтылыс жасайды» [1, 5].

Когнитивтік лингвистикада алғаш рет қарастырыла бастаған «Тілдік тұлға» мәселесі қазақ тіл білімінде де кеңінен зерттеліп, сөз бола бастады. «Тілдік тұлға» ақынның немесе жазушының өз образы [Қ. Жұмалиев] мәселесінде әдебиет тұрғысынан және тілдік тұрғыдан зерттеліп келеді. Мысалы: Сыздық Р. «Абай шығармаларының тілі». – А., 1968; Жанпейісов Е. «М. Әуезовтың «Абай жолы эпопеясының тілі». – А., 1976. Бұл іргелі зерттеулерде белгілі бір суреткер тілінің жалпы сипаты мен шығармашылық ерекшелігі сөз байлығы, көріктеу амал-тәсілдерін шебер қолданудың тілдік көріністері (метафора, теңеу, эпитет, т.б.), стильдік қолданыс ерекшеліктері шығарма тілінің құрылымдылық жүйесіне сүйеніп жасалған еді. Ал, осы дәстүрлі линг-

вистика негізінде одан әрі даму үстіндегі қазіргі тіл білімінің антропоцентристік бағыты негізгі назарды сол шығарманы жазушының жанына, танымдық (шығармашылық) болмысына аударады да, тілді соның нәтижесі, көрінісі деп қарайды. Осымен байланысты қазақ тіл біліміндегі Ф. Қожахметова, А. Әмірбекова, Ш. Ниятова, т.б. зерттеулерін атап өтуге болады.

«Тілдік тұлға» мәселесіндегі басты ерекшелік тұлғаның (личность) жай саналы адам (гомо сапиенс) аумағынан өзінің тілдік ерекшелігі арқылы кең көлемде айтылып жүргендігі. Кез-келген жеке тұлға өзінің тілдік емес басқа қасиеттерімен жұртқа танылғанымен, тілдік тұлға бола алмайды. Оның басты себебі, жеке тұлғаның тіл қаруымен қаруланбауында жатыр. Мысалы, Қажымұқан қазақ халқының ұлы перзенті болғанымен тілдік тұлға ретінде қабылданбайды, ал Махамбет Өтемісұлының дара тұлғасы оның өр де, азаттық рухына сәйкес көркем тілімен сабақтасып, өзіндік ерекше тілдік тұлғасын танытады.

Демек, «Тілдік тұлға» дегеніміз – тұлғаның айтқан сөздері, шығарған өлең-жырларының, жазған мақалаларының ел есінде мәңгі қалуы. Академик В.В. Виноградов тілдік тұлғаны екіге бөліп зерттеген: автор тұлғасы және кейіпкер тұлғасы [1, 15].

Тілдік тұлғаның өзінің болмысына сәйкес қалыптастырған, енгізген түрі, сөз саптауы, көзқарасы эталондық сипат дәрежесіне көшеді де, оның тілін зерттеудің арқауы бола бастайды. Бұл көбіне тілдік тұлғаның дәстүрлі вербалды-семантикалық деңгейінде байқалатыны даусыз. Осыған сүйенген ғалымдар тіл-